

**Ақтобе облысының білім басқармасы Ақтобе қаласының білім болімі» ММ
«Г. Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы» КММ-нің кезектен тыс
№4 педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесі**

28 ақпан 2024 жыл.

Ақтобе қаласы

Күн тәртібі:

- 1. «Мемлекеттік білім беру мекемесінің қызметін аттестаттау», «Озін-өзі бағалау» ереже-талаптарымен таныстыру**
Ж.О. Романова, Д.Б. Муханбетаярова
- 2. Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісіне (ББЖМ) 4 және 9 класс оқушыларының дайындық деңгейі**
Ф.А. Күшекбаева, А.С. Сулейменова

Тыңдалды:

I. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп-гимназиясы директоры Ж.О. Романова
Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы «Білім беру үйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» басшылыққа ала отырып, гимназия қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылатындығын атап өтті:

- 1) Білім беру үйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) Оқыту және білім беру;
- 3) Білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
- 6) Тиімді оқытуга ықпал ететін материалдық-техникалық база

Гимназия қызметіне өзін-өзі бағалауға ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына талдау жолымен жүзеге асырылады:

- 1) Оқу інтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
 - 2) Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
 - 3) Білім алушылардың және тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне;
 - 4) Оқу мерзіміне сәйкестігін талдау;
 - 5) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген стандарттарының талаптарға сәйкестігін зерделеу кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру үйымдарын бағалау өлшемшарттары» пайдаланылады.
- Мектеп-гимназиясы қызметін өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте шешім қабылданды.

II. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ф.А. Күшекбаева, А.С. Сулейменова сойладі.

Мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес 4 класс және 9 класс білім алушыларының ББЖМ-ге дайындық жұмыстарын жоспарлауды бақылау жүргізілді. Педагогтер, ата-аналар және 4-9 класс оқушыларымен ББЖМ жүргізу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Білім алушылар біліміндегі олқылықтардың орнын

толықтыруын қамтамасыз ету бойынша дайындық консультациялар кестелері құрылып, қосымша сабактар жүргізуді бастағы. Сынақ тестілеулер алынып, қорытындысы бойынша ата-аналармен әңгімелесу үйымдастырылып, жиналышта талқыланды. ББЖМ өткізу үшін мектепте жағдай жасалды (кабинеттер, компьютер техникасымен қамтылуы, кенсе тауарлары, медпункт және т.б.), сондай-ақ tester.kz, bilimclass қосымшаларында тренажерлармен дайындық жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күнге дейін 6 сынақ тесті алынып, қорытынды жасалды. 4-сыныптарда кешенді тестілеу нысанында АКТ колдана отырып, оқыту тілінде функционалдық сауаттылықтың үш бағыты: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша жүргізілді. 9-сыныптарда АКТ қолдана отырып, функционалдық сауаттылықтың үш бағыты: математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, оқу сауаттылығы бойынша жүргізілді. Улгерімі төмен окушыларды бақылау бойынша жұмыс түрлері күштейтілді, жеке жұмыстар жүргізіледі.

ҚАУЛЫ:

1. Білім беру үйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін;
2. Гимназия қызыметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жаупапты комиссия құрылсын;
3. Окушылардың оқу жетістіктерін сырттай бақылау мақсатында жүргізілетін жұмыстар жалғастырылсын.

Педагогикалық кеңес



Ж.О. Романова

А.Ж. Алдабергенова